



«БЕКІТІЛДІ»

ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК директоры

Р. Емелбаев

20__ ж.

**Жаратылыстану-математикалық бағыты
«Авиациялық қауіпсіздік» пәні бойынша
оқытудың қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары білім берудің
білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай
тестілеуге арналған тест спецификациясы
(2024 жылдан бастап қолдану үшін)**

1. Тест мақсаты: Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бітірушілері жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

2. Тест міндеті: Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

В067 Әуе көлігі және технологиясы

3. Тест мазмұны:

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
01	Заңнама және авиациялық қауіпсіздік бағдарламасы	01	Авиациялық қауіпсіздікті нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету	1.1 Азаматтық авиацияға қауіптердің негізгі түрлерін және олардың алдын алу бойынша заң талаптарын білу.
02	Заңсыз араласу актілерінен азаматтық авиацияны қорғау шаралары мен негізгі принциптері	02	Авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету принциптері және әуе көлігі қауіпсіздігінің негізгі компоненттері.	2.1 Әуе көлігі қауіпсіздігінің негізгі түсініктерін, азаматтық авиациядағы авиациялық қауіпсіздік ұғымдарын, азаматтық авиацияны қорғауды қамтамасыз ету міндеттерін, авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларын, азаматтық авиация қызметіне заңсыз араласу актісін анықтауды, азаматтық авиацияның қызметіне заңсыз араласу актілерін жіктеу.
		03	Әуежайдың (авиакомпанияның, оператордың) және оның аумағындағы объектілердің авиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету	2.2 Әуежайдың (авиакомпания, оператор) авиациялық қауіпсіздік жүйесін түсіну. Авиациялық қауіпсіздік қызметінің құрылымын, авиациялық қауіпсіздік қызметінің негізгі мақсаттары мен міндеттерін, бақыланатын аймақтарды және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, кіруді бақылауды және ішкі қауіпсіздікті ұйымдастыруды, өту түрлерін білу.
		04	Авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында әуе кемесін тексеру	2.3 Әуе кемелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын, әуе кемесін жерде және ұшуда ұшу алдындағы және арнайы тексеру ережелерін білу.

03	Жолаушылардың, экипаж мүшелерінің, келушілердің, жүктердің, қол жүктерінің, поштаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету процедуралары	05	Жолаушыларды, экипаж мүшелерін, келушілерді, жүктерді, қол жүктерді, поштаны тексеру технологиясы.	3.1 Қауіпсіздікті тексеру, жолаушыларды, экипаж мүшелерін, әуе персоналын, багажды, қол жүгін, жүкті, поштаны, ұшу керек-жарақтарын тексеруге қойылатын талаптарды білу. Жеке тінту жүргізу тәртібі. Қолмен тексеру процедурасы. Әртүрлі санаттағы жолаушыларды рейс алдындағы тексеру. Тексеруден босату. Паспорттық және визалық бақылау. Ішкі және халықаралық рейстерде жолаушының жеке басын куәландыратын құжаттар тізбесі. Әуе жолаушысына арналған арнайы ақпарат. Тексеру картасы. Жолаушының төлқұжатын және әуе билетін тексеру бойынша ұсыныстар.
		06	Тексерудің техникалық құралдары және оларды қолдану ерекшеліктері	Тексеру пункттерінің жабдықтарына, арнайы техникалық тексеру құралдарына иелік ету.
04	Тасымалға тыйым салынған заттар мен құрылғыларды табу	07	Жарылғыш заттар мен қару табу.	4.1 Тыйым салынған заттардың классификациясын анықтаңыз. Құқық бұзушылардың жарылғыш тұтандырғыш құрылғыларды, қаруды, оқ-дәрілерді, сондай-ақ тасымалдауға тыйым салынған заттарды жасыру әдістері. Әуе кемесінің бортында тыйым салынған заттарды тасымалдау тәсілдері. Тасымалдауға тыйым салынған заттар мен заттарды алып қою тәртібі, сақтау және өткізу немесе жою мерзімдері.
		08	Азаматтық әуе кемелерінде қару-жарақты тасымалдау ережесі.	4.2 Рұқсат етілген қару мен оқ-дәрілерді тасымалдауды ұйымдастыруды білу. Әуе кемесінің жолаушылар салонында рұқсат етілген қаруды тасымалдау тәртібі мен шарттары. Әуе кемесінің оқшауланған багаж бөлімдерінде қару мен оқ-дәрілерді тасымалдау тәртібі мен шарттары. Әуе кемесінің ұшуы кезінде экипажға қару мен оқ-дәрілерді беру технологиясы.
05	Вербалды және вербалды емес белгілер бойынша құқық бұзушыларды анықтау	09	Жолаушыларды қол жүгі мен жол жүктеріне сауалнама жүргізу	5.1 Қарым-қатынас ұғымының анықтамасын, коммуникация құрылымы мен құралдарын білу. Қарым-қатынастың негізгі түрлері. Террорист, қылмыскер тұлғасы және оның ерекшеліктері. Әлеуетті қылмыскерді вербалды емес мінез-құлық белгілері бойынша анықтау (мимика, ым-ишара, пантомима). Бет әлпеті және оның негізгі сипаттамалары. Өтірікті мимика арқылы анықтау. Түрлерді қарау.

				Қимылдар және олардың ерекшеліктері. Қарым-қатынастың вербалды белгілері бойынша әлеуетті қылмыскерді анықтау. Қауіпті жолаушыларды анықтау әдістері. Жолаушы мінез-құлық психологиясын, сауалнама жүргізу тәртібін білу.
06	Заңсыз араласу актілері кезінде ұйымдастырылған әрекеттер	10	Заңсыз араласу актілері кезінде жауап беру шаралары	6.1 Әуежайда болатын төтенше жағдайлардың түрлерін білу. Жердегі және ұшудағы жарылыс қаупі кезіндегі іс-шараларды ұйымдастыру. Әуе кемесін жерде және ұшу кезінде басып алу әрекеті кезіндегі іс-қимылдарды ұйымдастыру. Террористермен келіссөздер жүргізу және төтенше жағдайда іс-қимылдарды ұйымдастыру. «Күдікті зат» табылса не істеу керек. Заңсыз араласу актісі туралы ақпаратты алу тәртібі.

4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест «Авиациялық қауіпсіздік» пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 20 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 10 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары
- 10 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 2 жағдаят (контекст).

Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (А) – 25%, екінші деңгейде (В) – 50%, үшінші деңгейде (С) – 25%.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формасы: Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минут, жалпы тестті орындау уақыты – 80 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау: тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, оқу құралдары және басқа да қосымша әдебиеттер, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізімдері».

1. Шин Л.А., Бабанов Л.А., Ли Павел Ман-Санович *Авиационная безопасность Алматы - 2008,*

2. Корнилов В.Н. *Авиационная безопасность -1992.*

3. Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенция. Чикаго, 1994 жыл

4. Халықаралық азаматтық авиация ұйымының авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді реттейтін нормативтік құқықтық құжаттары. Авиациялық қауіпсіздік жөніндегі ұлттық заңнама. Азаматтық авиацияның авиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы Қазақстан Республикасының заңдары.

5. Халықаралық әуе тасымалдарына катысты кейбір ережелерді біріздендіруге арналған Конвенция. Варшава. 12.10. 1929 ж.

6. Халықаралық Азаматтық авиация туралы Конвенция. Чикаго. 7 желтоқсан 1944 ж. ИКАО, Doc. 7300 Базаева Е.В. Перевозка грузов воздушным транспортом. Москва, НОЧУ СПО «Авиационная школа Аэрофлота», 2014 г.

7. Б.В. Зубков, С.Е. Прозоров, С.И. Краснов, В.М. Ильин *Авиационная безопасность, Ульяновск 2014г.*

«КЕЛІСІЛДІ»

«Авиациялық техника» бейіні бойынша

оқу-әдістемелік бірлестігінің

төрағасы Б.Н. Абылкасымова

(колы)

« » **2023 ж.**

Сұлтан

Сұлтан

Сұлтан